

ЕМТИХАН АЛУШЫЛАРДЫ (БАҒАЛАУШЫЛАРДЫ) ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІН ҰЗARTY PӘCІMІ

ПРОЦЕДУРА НАЗНАЧЕНИЯ И ПРОДЛЕНИЯ ПОЛНОМОЧИЙ ЭКЗАМЕНАТОРОВ (ОЦЕНЩИКОВ)

EXAMINERS (ASSESSORS) DESIGNATION AND EXTENSION OF EXAMINERS (ASSESSORS) AUTHORIZATION PROCEDURE

Шығарылған күні / Дата выпуска / Date of Issue: 22/04/2022

Мәртебесі / Status / Статус: *Approved*

Құжатқа жауапты / Ответственный за документ / Owner:

Лицензиялау департаментінің директоры - бас авиациялық инспекторы /

Директор департамента лицензирования - главный авиационный инспектор

/ Director of licensing department - chief aviation inspector



**КЕЛІСУ ПАРАҒЫ /
ЛИСТ СОГЛАСОВАНИЙ /
APPROVAL SHEET**

	Лауазымы / Должность / Job Title	Күні / Дата / Date	Қолы / Подпись / Signature
Әзірленген / Разработано/ Prepared by:			
<i>Адильжан СУЛТАНОВ / Adilzhan SULTANOV</i>	<i>Емтихан қызметі басқармасының басшысы / Руководитель управления по экзаменационной деятельности / Head of Division of Examination Activities- chief aviation inspector</i>	<i>26/08/2026</i>	
Келісілді / Согласовано / Agreed by:			
<i>Ришат РОЗБАКИЕВ/ Rishat ROZBAKIYEV</i>	<i>Лицензиялау Департаментінің директоры м.а. - бас авиациялық инспектор/ И.о. директора Департамента лицензирования- главный авиационный инспектор Департамента лицензирования/ Acting Director of the Licensing Department - chief aviation inspector of the Licensing Department</i>	<i>26/08/2026</i>	
<i>Айгерим ЕСМУРЗАЕВА / Aigerim YESMURZAYEVA</i>	<i>Авиациялық стандарттар және ХААҰ стандарттары мен ұсынылатын тәжірибелерді енгізу басқармасының басшысы / Руководитель управления по авиационным стандартам и внедрению стандартов и рекомендуемой практики ИКАО / Head of Standardization and ICAO SARPs Implementation Division</i>	<i>26/08/2026</i>	
<i>Ерлан ТОРЕБАЕВ / Yerlan TOREBAYEV</i>	<i>Сапа және стандарттарға сәйкестік басқармасының басшысы - Бас авиациялық инспекторы / Руководитель управления качества и соответствия стандартам - Главный авиационный инспектор / Head of Quality and Compliance Division - Chief Aviation Inspector</i>	<i>26/08/2026</i>	

Данил КУРНОСОВ/ Danil KURNOSSOV	Басқару жүйесі және норма жасау департаменті директоры. / Директор департаментa системы управления и нормотворчества / Director of the Management Systems and Rulemaking Department	26/08/2026	
Жанат АБДУГАЛИМОВ / Zhanat ABDUGALIMOV	Ұшу қауіпсіздігі, стратегия, стандарттау және үйлестіру жөніндегі басқарушы директор / Управляющий директор по безопасности полетов, стратегии, стандартизации и гармонизации / Managing director for Flight Safety, Strategy, Standardization and Harmonization	26/08/2026	
Аслан САТЖАНОВ / Aslan SATZHANOV	Ұшу қауіпсіздігі жөніндегі атқарушы директоры - Басқарма мүшесі / Исполнительный директор по безопасности полетов - член Правления / Executive flight safety officer-member of Management Board	26/08/2026	
Бекітілді / Утверждено / Approved by:			
ДЭНИЕЛ Майкл Юджин / Michael Eugene DANIEL	Бас атқарушы директор - Басқарма төрағасы/ Главный исполнительный директор- председатель Правления/ Chief Executive Officer-Chairman of Management Board	26/08/2026	

РЕДАКЦИЯ ТІЗІМІ /
ЛИСТ РЕДАКЦИЙ /
REVISION SHEET

Басылым №/ № изд./ Rev. #/	Күні / Дата / Date	Редакция / Редакция / Revision
0.0	22/04/2022	Бірінші / Впервые / First
1.0	31/08/2023	Емтихан алушының (бағалаушының) рұқсатын беру кезінде тіркеу нөмірлерін беру тәртібін белгілеуге және редакцияны жақсартуға бағытталған түзетулер енгізуге байланысты / В связи с внесением поправок, направленных на установление порядка присвоения регистрационных номеров при выдаче разрешения экзаменатора (оценщика) и улучшением редакции / Due to amendments to establish a procedure for assigning registration numbers when issuing an examiner's (assessor's) permit and to improve the edition.
2.0	23/07/2024	Тағайындалған емтихан алушылардың (бағалаушылардың) өкілеттіктерін тоқтата тұру және тоқтату тәртібін белгілеуге бағытталған түзетулер енгізуге байланысты / В связи с внесением поправок, направленных на установление порядка приостановления и прекращения полномочий назначенных экзаменаторов (оценщиков) / In connection with the amendments aimed at establishing the procedure for suspending and terminating the authorizations of designated examiners (assessors)
3.0	26/08/2026	2026 жылғы 23.06-29.06 аралығында өткізілген ішкі сапа аудитінің нәтижесінде анықталған сәйкессіздіктерді жою шеңберінде / В рамках устранения несоответствий, выявленных в результате внутреннего аудита качества в период с 23.06.2026 г. по 29.06.2026 г. / As part of the corrective actions to address the nonconformities identified during the internal quality audit conducted from 23 June 2026 to 29 June 2026

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БЕТТЕР ТІЗІМІ / ПЕРЕЧЕНЬ ДЕЙСТВУЮЩИХ СТРАНИЦ / LIST OF EFFECTIVE PAGES

Басылым № / № Раздела/ Section No. /	Бет № / Стр. № / Page No.	Шығарылған күні / Дата выпуска / Date of issue
КЕЛІСУ ПАРАҒЫ / ЛИСТ СОГЛАСОВАНИЙ / APPROVAL SHEET	2	26/08/2026
РЕДАКЦИЯ ТІЗІМІ / ЛИСТ РЕДАКЦИЙ / REVISION SHEET	3	26/08/2026
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БЕТТЕР ТІЗІМІ / ПЕРЕЧЕНЬ ДЕЙСТВУЮЩИХ СТРАНИЦ / LIST OF EFFECTIVE PAGES	4	26/08/2026
МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / TABLE OF CONTENT	5-6	26/08/2026
ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР / СОКРАЩЕНИЯ, ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ / ABBREVIATION, TERMS AND DEFINITIONS	7-8	26/08/2026
НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР МЕН СІЛТЕМЕЛЕР / НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ И ССЫЛКИ / REFERENCES	9-10	26/08/2026
А БӨЛІМ	11-27	26/08/2026
РАЗДЕЛ В	28-44	26/08/2026
SECTION C	45-60	26/08/2026
ҚОСЫМШАЛАР / ПРИЛОЖЕНИЯ / ANNEXES	61-84	26/08/2026

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / TABLE OF CONTENT

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ / ЛИСТ СОГЛАСОВАНИЙ / APPROVAL SHEET	2
РЕДАКЦИЯ ТІЗІМІ / ЛИСТ РЕДАКЦИЙ / REVISION SHEET	3
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БЕТТЕР ТІЗІМІ / ПЕРЕЧЕНЬ ДЕЙСТВУЮЩИХ СТРАНИЦ / LIST OF EFFECTIVE PAGES	4
МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / TABLE OF CONTENT	5
ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР / СОКРАЩЕНИЯ, ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ / ABBREVIATION, TERMS AND DEFINITIONS	7
НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР МЕН СІЛТЕМЕЛЕР / НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ И ССЫЛКИ / REFERENCES	9
А БӨЛІМ	11
A.1 Жалпы ережелер	11
A.2 Емтихан алушы (бағалаушы) қызметінің бағыттары бойынша ұсынылатын құжаттардың тізбесі	12
A.2.1 Әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал бойынша емтихан алушы (бағалаушы) (бұдан әрі - ӘК ТҚК бойынша персонал)	12
A.2.2 Әуе қозғалысына қызмет көрсету (ӘКҚ) персоналы бойынша емтихан алушы (аға емтихан алушы)	15
A.2.3 Ұшу экипажының емтихан алушысы	17
A.3 Өтініштерді қарау және өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау тәртібі	18
A.4 Емтихан алушының (бағалаушының) рұқсатын беру	19
A.5 Емтихан алушының (бағалаушының) бірегей тіркеу нөмірін беру тәртібі	20
A.6 Тағайындалған емтихан алушылардың (бағалаушылардың) қызметін бақылау	22
A.7 Емтихан алушының (бағалаушының) өкілеттігін тоқтата тұру және тоқтату	24
A.8 Емтихан алушының (бағалаушының) бастамасы бойынша өкілеттікті тоқтату	26
РАЗДЕЛ В	28
В.1 Общие положения	28
В.2 Перечень предоставляемых документов по направлениям деятельности экзаменатора (оценщика)	29
В.2.1 Экзаменатор (оценщик) по персоналу по техническому обслуживанию воздушного судна (далее - персонал по ТО ВС)	29
В.2.2 Экзаменатор (старший экзаменатор) по персоналу обслуживания воздушного движения (ОВД)	32
В.2.3 Экзаменатор по летному экипажу	33
В.3 Порядок рассмотрения заявлений и проведения оценки соответствия заявителя квалификационным требованиям	35
В.4 Выдача разрешения экзаменатора (оценщика)	36
В.5 Порядок присвоения уникального регистрационного номера экзаменатора (оценщика)	37
В.6 Контроль за деятельностью назначенных экзаменаторов (оценщиков)	40
В.7 Приостановление и прекращение полномочий экзаменатора (оценщика)	41
В.8 Прекращение полномочий по инициативе назначенного экзаменатора (оценщика)	43
SECTION C	45
C.1 General Provisions	45
C.2 List of documents to be submitted on examiner's (assessor's) scope of activity	46
C.2.1 Examiner (assessor) on aircraft maintenance personnel (hereinafter - aircraft	

maintenance personnel).....	46
C.2.2 Examiner (senior examiner) for Air Traffic Services (ATC) Personnel.....	49
C.2.3 Flight crew examiner	50
C.3 Procedure for reviewing applications and assessing an applicant's eligibility	51
C.4 Issuance of Examiner's (Assessor's) approval	52
C.5 Procedure for assigning a unique examiner (assessor) registration number	53
C.6 Control over the activity of designated examiners (assessors)	56
C.7 Suspension and termination of the examiner (assessor) authorization	57
C.8 Termination of authorization on the initiative of an examiner (assessor)	59
ҚОСЫМШАЛАР / ПРИЛОЖЕНИЯ / ANNEXES	61
ҚОСЫМША / ПРИЛОЖЕНИЕ / ANNEX №1	62
ҚОСЫМША / ПРИЛОЖЕНИЕ / ANNEX №2	63
ҚОСЫМША / ПРИЛОЖЕНИЕ / ANNEX №3	64
ҚОСЫМША / ПРИЛОЖЕНИЕ / ANNEX №4	83
ҚОСЫМША / ПРИЛОЖЕНИЕ / ANNEX №5	84

ҚЫСҚАРТУЛАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР / СОКРАЩЕНИЯ, ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ / ABBREVIATION, TERMS AND DEFINITIONS

Емтихан алушы (бағалаушы) / Экзаменатор (оценщик) / Examiner (assessor)	Тиісті біліктілігі бар, уәкілетті және осы саладағы уәкілетті ұйым тағайындаған жеке тұлға азаматтық авиация куәліктерді, біліктілік белгілерін беру, ұзарту және дербес қызметке рұқсат беру мақсатында авиация персоналының, мамандардың теориялық білімін және (немесе) практикалық дағдыларын бағалауды жүргізу / Физическое лицо, обладающее соответствующей квалификацией, уполномоченное и назначенное уполномоченной организацией в сфере гражданской авиации проводить оценку теоретических знаний и (или) проверку практических навыков авиационного персонала, специалистов с целью выдачи, продления свидетельств авиационного персонала, квалификационных, специальных отметок и допуска к самостоятельной деятельности / An individual with the appropriate qualifications, authorized and designated by an authorized organization in the field of to assess the theoretical knowledge and (or) practical skills of aviation personnel, specialists for the purpose of issuing, extending licences, ratings, and access to independent activities
ӘҚҚ аға емтихан алушысы / Старший экзаменатор ОВД / Senior ATC Examiner	Тиісті біліктілігі бар, авиация персоналының куәліктерін беру, біліктілік, арнайы белгілердің қолданылу мерзімін ұзарту және дербес қызметке жіберу мақсатында ӘҚҚ мамандарының теориялық білімін бағалауды және (немесе) практикалық дағдыларын тексеруді жүргізуге уәкілеттік берілген және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым тағайындаған, емтихан қызметіне басшылықты жүзеге асыратын жеке тұлға жұмыс істейді, сондай-ақ азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның келісімі бойынша ӘҚҚ емтихан алушыларының өкілеттіктерін ұзарту мақсатында біліктілік емтиханын өткізу / Физическое лицо, обладающее соответствующей квалификацией, уполномоченное и назначенное уполномоченной организацией в сфере гражданской авиации проводить оценку теоретических знаний и (или) проверку практических навыков специалистов ОВД, с целью выдачи свидетельств авиационного персонала, продления срока действия квалификационных, специальных отметок и допуска к самостоятельной деятельности, осуществляющее руководство за экзаменаторской деятельностью в организации, где оно работает, а также по согласованию с уполномоченной организацией в сфере гражданской авиации проводить квалификационный экзамен с целью продления полномочий экзаменаторов ОВД / An individual with appropriate qualifications, authorized and appointed by an authorized organization in the field of civil aviation to assess theoretical knowledge and (or) verify the practical skills of ATC specialists, in order to issue licences of aviation personnel, extend the validity of ratings, special marks and admission to independent activities, supervising the examination activities in the organization where it works, and also, in agreement with the authorized organization in the field of civil aviation, to conduct a qualification exam in order to extend the authorizations of the ATC examiners.

«ҚАӘ» АҚ Емтихан алушы / Экзаменатор АО «ААК» / «ААК» JSC Examiner	Уәкілетті ұйым тағайындаған авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындайтын жеке тұлғалардың қызметіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті ұйымның авиациялық инспекторы / Авиационный инспектор уполномоченной организации, осуществляющий контроль за деятельностью физических лиц, определяющих уровень квалификации авиационного персонала, назначенных уполномоченной организацией / An aviation inspector of the authorized organization who oversees the activities of individuals designated by the authorized organization to determine the qualification level of aviation personnel
Авиациялық инспектор / Авиационный инспектор / Aviation Inspector	Азаматтық авиация саласындағы сертификаттауды, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшісі / Служащий уполномоченной организации в сфере гражданской авиации, уполномоченный на осуществление сертификации, контроля и надзора в сфере гражданской и экспериментальной авиации / An employee of an authorized organization in the field of civil aviation, authorized to carry out certification, control and supervision in the field of civil and experimental aviation
Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым / Уполномоченная организация в сфере гражданской авиации / Authorized organization in the field of civil aviation	Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласының орнықты дамуын, ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғам / Акционерное общество со стопроцентным участием государства в уставном капитале, осуществляющее деятельность, направленную на обеспечение устойчивого развития отрасли гражданской авиации Республики Казахстан, безопасности полетов и авиационной безопасности / A joint stock company with one hundred percent state participation in the authorized capital, engaged in activities aimed at ensuring sustainable development of the civil aviation industry of the Republic of Kazakhstan, flight safety and aviation security
Өтініш беруші / Заявитель / Applicant	Емтихан алушының (бағалаушының) өкілеттігін тағайындауға немесе ұзартуға үміткер тұлға / Лицо, претендующее на назначение или продление полномочий экзаменатора (оценщика) / Person applying for designation or extension of examiner's (assessor's) authorization
ЛД ДЛ PEL department	Лицензиялау департаменті / Департамент лицензирования / Personnel licensing department
«ҚАӘ» АҚ АО «ААК» «ААК» JSC	«Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ / АО «Авиационная администрация Казахстана» / «Aviation administration of Kazakhstan» JSC
АОО АУЦ АТО	Авиациялық оқу орталығы / Авиационный учебный центр / Approved training organization
ХААҰ ИКАО ICAO	Халықаралық азаматтық авиация ұйымы / Международная организация гражданской авиации / International civil aviation organization
БК КК QC	Біліктілік комиссиясы / Квалификационная комиссия / Qualifications Committee

НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР МЕН СІЛТЕМЕЛЕР / НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ И ССЫЛКИ / REFERENCES

Нормативтік құжат / Нормативный документ (НД) / Referenced Document	Бекіту / Утверждение / Approval
Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы / Об использовании воздушного пространства Республики Казахстан и деятельности авиации / On Use of Air Space of the Republic of Kazakhstan and Aviation Activity	Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы / Закон Республики Казахстан от 15 июля 2010 года № 339-IV / The Law of the Republic of Kazakhstan dated 15 July 2010 No. 339-IV
Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау қағидасы / Правила определения уровня квалификации авиационного персонала / Rules for determining the qualification level of aviation personnel	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2017 жылғы 31 шілдедегі № 517 бұйрығы / Приказ и.о. Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 31 июля 2017 года № 517 / Order of the Acting Minister for Investment and Development of the Republic of Kazakhstan dated July 31, 2017 No. 517
Авиация персоналының куәлігін алу үшін адамға қойылатын біліктілік талаптары / Об утверждении квалификационных требований к лицу для получения свидетельства авиационного персонала / On approval of qualification requirements for a person to obtain an aviation personnel licence	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 маусымдағы № 362 бұйрығы / Приказ Министра транспорта и коммуникаций Республики Казахстан от 13 июня 2011 года № 362 / Order of the Minister of Transport and Communications of the Republic of Kazakhstan dated June 13, 2011 No. 362
Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындауға құқығы бар жеке тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары / Квалификационные требования, предъявляемых к физическим лицам, имеющим право определять уровень квалификации авиационного персонала / Qualification requirements for individuals who have the right to determine the level of qualification of aviation personnel	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 763 бұйрығы / Приказ Министра транспорта и коммуникаций Республики Казахстан от 28 сентября 2013 года № 763 / Order of the Minister of Transport of the Republic of Kazakhstan from September 28, 2013 № 763

«Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ біліктілік комиссиясы туралы ереже / Положение о квалификационной комиссии АО «Авиационная администрация Казахстана» / Provision on the Qualification Commission of «Aviation Administration of Kazakhstan» JSC	AAK-PEL-M.1035
Еуропалық Парламент пен Кеңестің (ЕО) № 216/2008 регламентіне сәйкес азаматтық авиация әуе кемелерінің экипаждарымен байланысты техникалық талаптар мен әкімшілік рәсімдерді белгілеу / Установление технических требований и административных процедур, связанных с экипажами воздушных судов гражданской авиации в соответствии с Регламентом (ЕС) № 216/2008 Европейского парламента и Совета / Laying down technical requirements and administrative procedures related to civil aviation aircrew pursuant to Regulation (EC) No 216/2008 of the European Parliament and of the Council	Еуропалық Одақтың № 1178/2011 Қаулысы / Постановление Европейского Союза № 1178/2011 / Regulation of the European Union No 1178/2011

БӨЛІМ А

А.1 Жалпы ережелер

1.1. Емтихан алушыларды (бағалаушыларды) тағайындау және олардың өкілеттіктерін ұзарту рәсімі (бұдан әрі- Рәсім) 2017 жылғы 31 шілдедегі № 517 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. бұйрығымен бекітілген Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау қағидаларына (бұдан әрі - № 517 Қағидалар), 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 763 Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің бұйрығымен бекітілген Авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындауға құқығы бар жеке тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптарына (бұдан әрі – Біліктілік талаптары №763), Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) стандарттарының және ұсынылатын практикасының талаптарына және «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 7-бабына сәйкес әзірленді.

1.2. Рәсім емтихан алушыны (бағалаушыны) тағайындаудың және оның өкілеттігін ұзартудың бірыңғай тәртібін белгілеуге арналған.

1.3. Емтихан алушының (бағалаушының) өкілеттігін тағайындауға немесе ұзартуға үміткер жеке тұлғалар № 763 біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс.

1.4. Өтініш беруші осы рәсімнің В.2-бөліміне сәйкес құжаттардың сканерленген көшірмелерін ұсынады.

1.5. Осы Рәсімде:

1) емтихан алушы (бағалаушы) қызметінің бағыттары бойынша ұсынылатын құжаттардың тізбесі;

2) өтініштерді қарау және өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігіне бағалау жүргізу тәртібі;

3) емтихан алушының (бағалаушының) рұқсатын беруі (емтихан алушыларды (бағалаушыларды) тағайындау және олардың өкілеттіктерін ұзартуы;

4) емтихан алушының (бағалаушының) бірегей тіркеу нөмірін беру тәртібі егжей-тегжей жазылады;

5) емтихан алушының (бағалаушының) өкілеттігін тоқтата тұру және тоқтату тәртібі.

1.6. Рәсім емтихан алушының (бағалаушының) рұқсаттарын беруге және алуға байланысты қызметтің барлық қатысушылары үшін қолданылады. Емтихан алушының (бағалаушының) өкілеттігін тағайындау немесе ұзарту үшін өтініш беруші «Отinish» электрондық жүйесі арқылы «ҚАӘ» АҚ емтихан алушының (бағалаушының) қызмет бағыттары бойынша осы

Рәсімдердің 2.1, 2.2 және 2.3-тармақтарына сәйкес PDF форматындағы құжаттардың сканерленген көшірмелерін ұсынады.

А.2 Емтихан алушы (бағалаушы) қызметінің бағыттары бойынша ұсынылатын құжаттардың тізбесі

А.2.1 Әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал бойынша емтихан алушы (бағалаушы) (бұдан әрі - ӘК ТҚК бойынша персонал)

2.1.1 Модульдік бағдарлама бойынша теориялық білімді бағалау бойынша емтихан алушы болып тағайындау үшін өтініш беруші талаптарға сәйкестігін растайтын мынадай құжаттарды ұсынады:

1) модульдердің атауын көрсете отырып, емтихан алушыны тағайындау туралы өтінішпен «ҚАӘ» АҚ Бас атқарушы директоры – Басқарма төрағасының атына еркін нысандағы өтініш;

2) жеке куәліктің (паспорттың) көшірмесі;

3) 3) № 517 Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша емтихан алушыға арналған ұсыным;

4) тиісті модуль бойынша емтихан өткізуге уәкілетті бастапқы даярлық курсы сәтті аяқтағаны туралы қолданыстағы сертификат;

5) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын кәсіптік даярлаудың үлгілік бағдарламаларының 9А немесе 9В модулі көлемінде «Адамның әуе кемесіне техникалық қызмет көрсетуге қатысты мүмкіндіктері» курсынан өткенін растайтын құжат немесе part-147 бойынша мақұлданған оқыту ұйымында 9А немесе 9В Модулінің «Human Factors Course» қолданыстағы сертификат;

6) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиациялық персоналды кәсіптік даярлаудың үлгілік бағдарламасы 10RK модулі көлемінде «Авиациялық заңнама» курсынан өткенін растайтын қолданыстағы сертификат;

7) «Оқытушыларды оқыту» («Train the Trainers Course») немесе «Нұсқаушыларға арналған кәсіптік оқыту» («Professional training of Instructor») бастапқы дайындық курсының сәтті аяқталғанын растайтын қолданыстағы сертификат;

8) («Assessor training course») емтихан алушыға бастапқы даярлық курсының сәтті аяқталғанын растайтын қолданыстағы сертификат.

2.1.2 ӘК типіне дайындық бойынша теориялық білімді бағалау бойынша емтихан алушыны тағайындау үшін өтініш беруші талаптарға сәйкестігін растайтын мынадай құжаттарды ұсынады:

1) «ҚАӘ» АҚ Бас атқарушы директоры – Басқарма төрағасының атына әуе кемесінің түрін, қозғалтқышын, санатын көрсете отырып, емтихан алушыны тағайындау туралы еркін нысандағы өтініш;

2) жеке куәлігінің (паспортының) көшірмесі;

3) № 517 Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша емтихан алушыға арналған ұсыным;

4) емтихан өткізуге уәкілетті әуе кемесінің типі бойынша курсты сәтті аяқтағаны туралы қолданыстағы сертификат;

5) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын кәсіптік даярлаудың үлгілік бағдарламаларының 9А немесе 9В модулі көлемінде «Адамның әуе кемесіне техникалық қызмет көрсетуге қатысты мүмкіндіктері» курсынан өткенін растайтын құжат немесе part-147 бойынша мақұлданған оқыту ұйымында 9А немесе 9В Модулінің «Human Factors Course» қолданыстағы сертификат;

6) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиациялық персоналды кәсіптік даярлаудың үлгілік бағдарламасы 10RK модулі көлемінде «Авиациялық заңнама» курсынан өткенін растайтын қолданыстағы сертификат;

7) «Оқытушыларды оқыту» («Train the Trainers Course») немесе «Нұсқаушыларға арналған кәсіптік оқыту» («Professional training of Instructor») бастапқы дайындық курсының сәтті аяқталғанын растайтын қолданыстағы сертификат;

8) («Assessor training course») емтихан алушыға бастапқы даярлық курсының сәтті аяқталғанын растайтын қолданыстағы сертификат.

2.1.3 Модульдік бағдарлама бойынша теориялық білімді бағалау және ӘК типі бойынша даярлау жөніндегі емтихан алушының (бағалаушының) өкілеттіктерін ұзарту үшін өтініш беруші талаптарға сәйкестігін растайтын мынадай құжаттарды ұсынады:

1) «ҚАӘ» АҚ Бас атқарушы директоры – Басқарма төрағасының атына модульдердің атаулары және (немесе) ӘК типі (қозғалтқышы, санаты) көрсетілген емтихан алушының өкілеттіктерін ұзарту туралы еркін нысандағы өтініш;

2) кәсіби деңгейді қолдау курсының немесе емтихан алушыны (бағалаушыны) бастапқы даярлау курсының («Assessor training course») қолданыстағы сертификаты;

3) «Әуе кемесіне техникалық қызмет көрсетуге қатысты адам факторы» (Human Factors Continuation Training) кәсіби деңгейді қолдау курсының қолданыстағы сертификаты;

4) «Қазақстандық және халықаралық авиациялық заңнама» (Kazakhstan and International Aviation Legislation Continuation Training) кәсіби деңгейді қолдау курсының қолданыстағы сертификаты.

2.1.4 ӘК типіне және (немесе) практикалық тағылымдамаға (OJT) дайындық бойынша практикалық дағдыларды тексеру бойынша бағалаушыны тағайындау үшін өтініш беруші талаптарға сәйкестігін растайтын мынадай құжаттарды ұсынады:

1) «ҚАӘ» АҚ Бас атқарушы директоры – Басқарма төрағасының атына әуе кемесінің түрін, қозғалтқышын, санатын көрсете отырып, емтихан алушыны (бағалаушыны) тағайындау туралы еркін нысандағы өтініш;

2) жеке куәліктің (паспорттың) көшірмесі;

3) № 517 Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӘК ТҚ көрсету жөніндегі маманға арналған ұсыным.

4) ӘК пайдалануға рұқсат берудің қолданыстағы сертификаты (Company authorization certificate, SAC);

5) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын кәсіптік даярлаудың үлгілік бағдарламаларының 9А немесе 9В модулікөлемінде «Адамның әуе кемесіне техникалық қызмет көрсетуге қатысты мүмкіндіктері» курсынан өткенін растайтын құжат немесе part-147 бойынша мақұлданған оқыту ұйымында 9А немесе 9В Модулінің «Human Factors Course» қолданыстағы сертификат;

6) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиациялық персоналды кәсіптік даярлаудың үлгілік бағдарламасы 10RK модулі көлемінде «Авиациялық заңнама» курсынан өткенін растайтын қолданыстағы сертификат;

7) «Оқытушыларды оқыту» («Train the Trainers Course») немесе «Нұсқаушыларға арналған кәсіптік оқыту» («Professional training of Instructor») бастапқы дайындық курсының сәтті аяқталғанын растайтын қолданыстағы сертификат;

8) («Assessor training course») емтихан алушыға бастапқы даярлық курсының сәтті аяқталғанын растайтын қолданыстағы сертификат;

9) ӘК ТҚК бойынша маманның куәлігі және оның қосымшасы (XV қосымша);

10) шет мемлекет берген авиация персоналы куәлігін тану туралы куәліктің көшірмесі (қолданылатын жағдайда).

2.1.5. Әуе кемесінің түрі бойынша және (немесе) өндірістік оқыту (OJT) бойынша бағалаушының өкілеттіктерін ұзарту үшін өтініш беруші талаптарға сәйкестігін растайтын мынадай құжаттарды ұсынады:

1) «ҚАӘ» АҚ Бас атқарушы директоры – Басқарма төрағасының атына әуе кемесінің түрі, қозғалтқыш түрі және санаты көрсетіле отырып, әуе кемесінің түрі бойынша және (немесе) өндірістік оқыту (OJT) бойынша бағалаушының өкілеттіктерін ұзарту туралы еркін нысандағы өтініш;

2) әуе кемесін пайдалануға жіберу жөніндегі қолданыстағы рұқсат сертификаты (Company Authorization Certificate, SAC);

3) бағалаушыны (экзаменаторды) бастапқы даярлау курсы немесе біліктілікті қолдау курсы аяқтағанын растайтын қолданыстағы сертификат (Assessor Training Course);

4) «Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету саласындағы адам факторлары» бойынша біліктілікті қолдау курсы аяқтағанын растайтын қолданыстағы сертификат (Human Factors Continuation Training);

5) «Қазақстан Республикасының және халықаралық авиациялық заңнамасы» бойынша біліктілікті қолдау курсы аяқтағанын растайтын қолданыстағы сертификат (Kazakhstan and International Aviation Legislation Continuation Training);

6) бағалаушыны (экзаменаторды) бастапқы даярлау курсы аяқтағанын растайтын қолданыстағы сертификат (Assessor Training Course);

7) әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі маманның қолданыстағы куәлігі және оған қосымшасы (XV қосымша);

8) шет мемлекет берген авиация персоналы куәлігін тану туралы куәліктің көшірмесі (бар болған жағдайда).

A.2.2 Әуе қозғалысына қызмет көрсету (ӘҚК) персоналы бойынша емтихан алушы (аға емтихан алушы)

2.2.1 ӘҚК персоналы бойынша емтихан алушы (аға емтихан алушы) болып тағайындау үшін өтініш беруші талаптарға сәйкестігін растайтын мынадай құжаттарды ұсынады:

1) «ҚАӘ» АҚ Бас атқарушы директоры – Басқарма төрағасының атына ӘҚК персоналы бойынша емтихан алушы (аға емтихан алушы) болып тағайындалуын сұрап еркін нысандағы өтініш;

2) № 517 Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерлері мен авиациялық станциялар операторларына қатысты ұсыныс;

3) жеке куәліктің (паспорттың) көшірмесі;

4) авиация персоналының куәлігіне қосымша;

5) ӘҚК персоналы бойынша емтихан алушыға қайта даярлау курстарынан өткенін растайтын қолданыстағы сертификат;

6) нұсқаушыны қайта даярлау және нұсқаушының кәсіби деңгейін қолдау курстарынан өткенін растайтын қолданыстағы сертификат;

7) ӘҚК персоналы бойынша емтихан алушыны (аға емтихан алушыны) тағайындауға біліктілік емтиханын өткізу хаттамасы (тексеруді «ҚАӘ» АҚ емтихан алушысы жүргізеді).

1) ӘҚК персоналы бойынша емтихан алушы (аға емтихан алушы)

өкілеттігін ұзарту үшін өтініш беруші талаптарға сәйкестігін растайтын мынадай құжаттарды ұсынады: ӘҚҚ персоналы бойынша емтихан алушы (аға емтихан алушы) өкілеттігін ұзартуды сұрай отырып, «ҚАӘ» АҚ Бас атқарушы директоры – Басқарма төрағасының атына еркін нысандағы өтініш;

2) жеке куәліктің (паспорттың) көшірмесі;
3) авиация персоналының куәлігіне қосымша;
4) емтихан алушының рұқсаты (Examiners Authorization);
5) ӘҚҚ персоналы бойынша емтихан алушының кәсіби деңгейін қолдау курстарынан өткенін растайтын қолданыстағы сертификат;

6) нұсқаушының кәсіби деңгейін қолдау курстарынан өткенін растайтын қолданыстағы сертификат;

7) ӘҚҚ персоналы бойынша емтихан алушының өкілеттігін ұзартуға біліктілік емтиханын өткізу хаттамасы (тексеруді «ҚАӘ» АҚ ӘҚҚ бойынша емтихан алушысы немесе «ҚАӘ» АҚ келісімі бойынша аға емтихан алушы жүргізеді);

8) ӘҚҚ персоналы бойынша емтихан алушының өкілеттіктерін орындаудың бүкіл кезеңі ішінде бір жыл ішінде біліктілік емтиханын өткізудің кемінде екі хаттамасын қамтиды.

2.2.2 ӘҚҚ персоналы бойынша аға емтихан алушының өкілеттігін ұзарту үшін өтініш беруші талаптарға сәйкестігін растайтын мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ӘҚҚ персоналы бойынша аға емтихан алушының өкілеттігін ұзартуды сұрай отырып, «ҚАӘ» АҚ Бас атқарушы директоры – Басқарма төрағасының атына еркін нысандағы өтініш;

2) жеке куәліктің (паспорттың) көшірмесі;
3) авиация персоналының куәлігіне қосымша;
4) ӘҚҚ персоналы бойынша аға емтихан алушының рұқсаты (Senior Examiners Authorization);

5) ӘҚҚ персоналы бойынша емтихан алушының кәсіби деңгейін қолдау курстарынан өткенін растайтын қолданыстағы сертификат;

6) нұсқаушының кәсіби деңгейін қолдау курстарынан өткенін растайтын қолданыстағы сертификат;

7) ӘҚҚ персоналы бойынша аға емтихан алушының өкілеттігін ұзартуға біліктілік емтиханын өткізу хаттамасы (тексеруді «ҚАӘ» АҚ емтихан алушысы жүргізеді);

ӘҚҚ персоналы бойынша аға емтихан алушының өкілеттіктерін орындаудың бүкіл кезеңі ішінде бір жыл ішінде біліктілік емтиханын өткізудің кемінде екі хаттамасын қамтиды.

A.2.3 Ұшу экипажының емтихан алушысы

2.3.1 Ұшу экипажы бойынша емтихан алушы болып тағайындалу үшін өтініш беруші талаптарға сәйкестігін растайтын мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) «ҚАӘ» АҚ Бас атқарушы директоры – Басқарма төрағасының атына ұшу экипажы бойынша емтихан алушы етіп тағайындау туралы өтінішпен еркін нысандағы өтініш;
- 2) № 517 Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұшу экипажы мүшелеріне арналған ұсыным;
- 3) жеке куәліктің (паспорттың) көшірмесі;
- 4) ұшу экипажы мүшесі куәлігінің және куәлікке қосымшаның көшірмесі;
- 5) тиісті біліктілік бойынша емтихан алушыны қайта даярлау курстарынан өткенін растайтын қолданыстағы сертификаттың көшірмесі;
- 6) нұсқаушыны қайта даярлау курстарынан өткенін растайтын қолданыстағы сертификаттың көшірмесі;
- 7) емтихан алушының біліктілігіне байланысты ұшу нұсқаушысы ретінде ұшу сағатын растайтын құжаттың көшірмесі;
- 8) осы Рәсімнің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құзыреттілікті бағалау парағының (Flight Crew Examiner Assessment of Competence) және емтихан алушының құзыреттілігін бағалау кезінде толтырылған ұшу тексеру актісінің (License Proficiency Check) көшірмесі;
- 9) шетел мемлекеті берген авиациялық персонал куәлігін тану туралы куәліктің көшірмесі (қолданылатын жағдайда).

2.3.2 Ұшу экипажы бойынша емтихан алушының өкілеттігін ұзарту үшін өтініш беруші талаптарға сәйкестігін растайтын мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) «ҚАӘ» АҚ Бас атқарушы директоры – Басқарма төрағасының атына ұшу экипажы бойынша емтихан алушының өкілеттігін ұзартуды сұрайтын еркін нысандағы өтініш;
- 2) жеке куәліктің (паспорттың) көшірмесі;
- 3) ұшу экипажы мүшесінің куәлігінің және куәлікке қосымшасының көшірмесі;
- 4) ұшу экипажы бойынша емтихан алушының кәсіби деңгейін қолдау курстарынан өткенін растайтын қолданыстағы сертификаттың көшірмесі;
- 5) тағайындау мерзімі ішінде басқа емтихан алушының бақылауымен бір біліктілік тексеруінің өткізілгенін растайтын құжаттың көшірмесі (аталған тексеру кешенді тренажерде өткізілуі мүмкін);
- 6) емтихан алушының өкілеттіктерін жүзеге асырудың бүкіл кезеңі ішінде жыл сайын кемінде екі тексеру жүргізілгенін растайтын құжаттардың көшірмесі;
- 7) емтихан алушының біліктілігіне байланысты ұшу нұсқаушысы ретінде ұшу сағатын (ұшу тәжірибесін) растайтын құжаттың көшірмесі;

8) осы Рәсімнің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құзыреттілікті бағалау парағының (Flight Crew Examiner Assessment of Competence) және емтихан алушының құзыреттілігін бағалау кезінде толтырылған ұшу тексеру актісінің (License Proficiency Check) көшірмесі;

9) Шетел мемлекеті берген авиациялық персонал куәлігін тану туралы куәліктің көшірмесі (қолданылатын жағдайда).

А.3 Өтініштерді қарау және өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау тәртібі

3.1 Өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін алдын ала бағалауды «ҚАӘ» АҚ емтихан алушысы жүргізеді және тиісті шешім қабылдау үшін БК отырысына шығарады.

3.2 Өтінішті қарау және өтініш берушіге тиісті жауап ұсыну құжаттар алынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

3.3 Емтихан алушыларды (бағалаушыларды) тағайындауды және олардың өкілеттіктерін ұзартуды «ҚАӘ» АҚ-да ұсынылған құжаттарды қарау және № 517 Қағидалардың 7-тарауына және БК туралы Ережеге сәйкес тиісті хаттамалық шешім қабылдау жолымен «ҚАӘ» АҚ жүзеге асырады.

3.4 Өтініште құжаттарды қарау кезінде өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін қамтамасыз ету және қарау нәтижесін кейіннен жіберу үшін өтініш берушінің байланыс деректері (қолданыстағы телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы) (рұқсат, бас тарту, ұсынымдар, ескертулер және т.б.), сондай-ақ дербес деректерді өңдеуге келісімі міндетті түрде көрсетіледі.

3.5 Құжаттарды қарау кезінде «ҚАӘ» АҚ емтихан алушысы:

3.5.1 ұсынылған құжаттар топтамасын тізбеге сәйкес толықтығына тексереді;

3.5.2 осы өтініштерді жеке куәлікте (паспортта), авиация персоналының куәлігінде және басқа құжаттарда көрсетілген мәліметтермен салыстырады;

3.5.3 емтихан алушының (бағалаушының) өкілеттігін тағайындауға немесе ұзартуға үміткер кандидатта біліктілік белгілері бар авиация персоналының қолданыстағы куәлігінің бар екендігі туралы куәландырылады;

3.5.4 емтихан алушының (бағалаушының) өкілеттігін тағайындауға немесе ұзартуға үміткер кандидатта нұсқаушының (ӘК ТҚК бойынша персонал бойынша емтихан алушыны (бағалаушыны) қоспағанда) қолданыстағы арнайы белгісінің бар екендігі туралы куәландырылады;

3.5.5 ұсынылған сертификаттар мен кәсіптік даярлық курстарынан өткенін растайтын құжаттардың мерзімі қолданыстағы болып табылатындығын куәландырады, жарамдылығын тексереді;

3.5.6 үміткердің «ҚАӘ» АҚ-мен келісілген сертификатталған АОО-да

кәсіптік даярлау бағдарламасы бойынша оқығанына көз жеткізіледі;

3.5.7 кандидаттың «ҚАӘ» АҚ таныған шетелдік АОО-да (шетелдік АОО-да даярлықтан өткен жағдайда) оқудан өткендігі куәландырылады;

3.5.8 қызметін шет мемлекет берген авиациялық персонал куәлігін тану туралы куәлік негізінде жүзеге асыратын кандидаттың сертификатталған шетелдік АОО-да тиісті біліктілігі бар емтихан алушыға оқудан өткендігі куәландырылады;

3.5.9 шет мемлекет берген авиация персоналының куәлігі «ҚАӘ» АҚ (шетелдік куәлік ұсынылған жағдайда) жарамды деп танылғанына көз жеткізеді;

3.5.10 үміткердің тәжірибесі мен білімі біліктілік талаптарына сәйкес келетініне көз жеткізеді;

3.5.11 емтихан алушының өкілеттіктерін орындаудың бүкіл кезеңі ішінде жылына кемінде екі тексеру жүргізілгенін растайтын құжаттарды № 517 Қағидаларға сәйкестігін тексереді (емтихан алушының (бағалаушының) өкілеттіктерін ұзарту кезінде);

3.5.12 бақылауымен біліктілік тексеру жүргізілген емтихан алушының «ҚАӘ» АҚ (ұшу экипажы бойынша емтихан алушының өкілеттігін ұзарту үшін) тағайындалғанын куәландырылады.

3.6 Ұсынылған құжаттар сәйкес келмеген жағдайда осы рәсімнің В. 2-бөлімі бас тарту себептерін көрсете отырып, өтінішті алған сәттен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде комиссияның теріс шешімі негізінде өтініш қабылданбайды.

А.4 Емтихан алушының (бағалаушының) рұқсатын беру

4.1 «ҚАӘ» АҚ БК оң шешім қабылдаған жағдайда «ҚАӘ» АҚ емтихан алушысы осы Рәсімге 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша емтихан алушының (ӘҚК персоналы бойынша аға емтихан алушының), (бағалаушының) (Examiners Authorization/Senior Examiners Authorization) рұқсатын (бұдан әрі - Рұқсат) ресімдейді және өтініш берушінің пошта мекенжайына жібереді.

4.2 Рұқсат «ҚАӘ» АҚ Бас атқарушы директоры – Басқарма төрағасының қолымен беріледі.

4.3 Рұқсаттың қолданылу мерзімі емтихан алушы (бағалаушы) ретінде тиісті кәсіптік даярлау бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған күннен бастап 3 (үш) жылдан аспайды.

4.4 Берілген Рұқсаттардың тізілімін осы Рәсімнің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындауға құқығы бар жеке тұлғалардың тізімі түрінде «ҚАӘ» АҚ-ның емтихан алушысы жүргізеді.

4.5 Авиация персоналының біліктілік деңгейін айқындауға құқығы бар жеке тұлғалардың тізімі тағайындалған емтихан алушылар (бағалаушылар)

туралы, оның ішінде өкілеттіктері уақытша тоқтатылған тұлғалар туралы ақпаратты қамтиды.

4.6 «ҚАӘ» АҚ БК өтініш берушіге келесі жағдайларда емтихан алушының (бағалаушының) өкілеттігін тағайындаудан немесе ұзартудан бас тартады: емтихан алушының (бағалаушының) өкілеттігін тағайындау немесе ұзарту үшін өтініш беруші ұсынған құжаттарда анық емес мәліметтерді белгілеу;

- 1) біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;
- 2) осы Рәсімге сәйкес «ҚАӘ» АҚ емтихан алушысы құжаттарды бағалау кезінде сәйкессіздіктерді анықтауы.

A.5 Емтихан алушының (бағалаушының) бірегей тіркеу нөмірін беру тәртібі

5.1 Рұқсатты ресімдеу кезінде «ҚАӘ» АҚ емтихан алушысы немесе «ҚАӘ» АҚ ЛД авиациялық инспекторы бірегей тіркеу нөмірін береді.

5.2 Бірегей тіркеу нөмірінде келесі емтихан алушылар (бағалаушылар) үшін мынадай белгілер болады.

5.2.1 Ұшу экипажы бойынша емтихан алушы:

[XXX/Y/N/ZZZ/F/00],

белгілердің мағыналары:

XXX - Ел;

Y - Әуе кемесінің түрі;

N - Әуе кемесінің массасы (егер қолданылса); ZZZ -

Емтихан алушының санаты;

F - Өзге мемлекеттің куәлігі бар емтихан алушы; 00 -

Берілген рұқсаттар тізіліміндегі реттік нөмір.

Белгілер келесідей түсіндіріледі:

1) XXX - Ел.

Емтихан алушы Қазақстан Республикасының аумағында авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау жөніндегі қызметті жүзеге асырған кезде KAZ символы қойылады.

2) Y - Әуе кемесінің түрі.

Әуе кемесінің түрі мынадай рәміздер көрсетіле отырып қойылады: Ұшақ - A;

Тікұшақ - H;

Планер - S;

Еркін аэростат - B;

Көтеру күшін арттыру жүйесі бар ӘК - PL;

Дирижабль - AS;

Мотодельтаплан - MGH; Автожир - AG.



3) N - Әуе кемесінің массасы.

Әуе кемесінің массасы «L (Light)» (жеңіл немесе аса жеңіл авиация) ретінде төменде көрсетілген критерийлерге сәйкес келген жағдайда ғана бірегей тіркеу нөмірінде көрсетіледі:

3-1) ең жоғары сертификатталған ұшу салмағы 5700 (бес мың жеті жүз) килограмнан кем әуе кемелері, оның ішінде ең жоғары сертификатталған ұшу салмағы 3175 (үш мың жүз жетпіс бес) килограмнан кем тікұшақтар.

3-2) ең жоғары сертификатталған ұшу салмағы 750 (жеті жүз елу) килограмнан кем әуе кемелері, басқа да әуе кемелері және қосалқы құрылғылар.

4) ZZZ - Емтихан алушының санаты.

Емтихан алушының санаты мынадай аббревиатураларды көрсете отырып қойылады:

IRE – «Instrument Rating Examiner»; FE - «Flight Examiner»;

FIE - «Flight Instructor Examiner»; TRE - «Type Rating Examiner»; SFE - «Synthetic Flight Examiner»; FEE - «Flight Engineer Examiner»; CRE – «Class Rating Examiner».

5) F - Шет мемлекеттің куәлігі бар емтихан алушы.

Шет мемлекеттің куәлігі бар емтихан алушыға бірегей тіркеу нөмірінде рұқсат берілген кезде F – «Foreigner» символы қойылады.

6) OO - Берілген рұқсаттар тізіліміндегі реттік нөмір.

Берілген рұқсаттардың тізілімінде 01-ден бастап өтпелі нөмірлеу қойылады.

5.2.2 ӘК ТҚК персоналы бойынша емтихан алушы (бағалаушы):

[XXX/ZZZ/YY/NNN/F],

белгілердің мағыналары:

XXX - Ел;

ZZZ - Практикалық тағылымдама;

YY - Практикалық және (немесе) теориялық элемент; NNN -

Берілген рұқсаттар тізіліміндегі реттік нөмірі.

F - Шет мемлекеттің куәлігі бар емтихан алушы (егер бар болса).

Белгілер келесідей түсіндіріледі:

1) XXX – Ел.

Емтихан алушы (бағалаушы) Қазақстан Республикасының аумағында авиациялық персоналдың біліктілік деңгейін айқындау жөніндегі қызметті жүзеге асырған кезде KAZ символы қойылады.

2) ZZZ - Практикалық тағылымдама.



Емтихан алушы (бағалаушы) практикалық тағылымдама емтихан алушының біліктілігін алған кезде бірегей тіркеу нөміріне – ОЖТ (On job training) аббревиатурасы қойылады.

3) YY – Практикалық және (немесе) теориялық элемент.

Емтихан алушы (бағалаушы) практикалық және (немесе) теориялық элементті бағалауға рұқсат етіледі және бірегей тіркеу нөмірінде олар PE (Practical element) немесе TE (Theoretical element) ретінде белгіленеді.

4) NNN-берілген рұқсаттар тізіліміндегі реттік нөмір.

Берілген рұқсаттардың тізілімінде 001-ден бастап өтпелі нөмірлеу қойылады.

5) F - Шет мемлекеттің куәлігі бар емтихан алушы.

Шет мемлекеттің куәлігі бар емтихан алушыға бірегей тіркеу нөмірінде рұқсат берілген кезде F – «Foreigner» символы қойылады.

5.2.3 ӘҚК персоналы бойынша емтихан алушы (аға емтихан алушы):

[ATCE/ZZZ/Examiner (Senior Examiner)],

белгілердің мағыналары:

ATCE - Air Traffic Controller Examiner (ӘҚК персоналы бойынша емтихан алушы);

ZZZ - Берілген рұқсаттар тізіліміндегі реттік нөмір;

Examiner немесе Senior Examiner – емтихан алушы немесе аға емтихан алушы.

Берілген рұқсаттардың тізілімінде 001-ден бастап өтпелі нөмірлеу қойылады.

5.3 Емтихан алушының (бағалаушының) мәртебесі өзгеруіне қарамастан, яғни егер тұлғаның өкілеттігі толық немесе ішінара шектелген болса, үзілсе не өкілеттіктің қолданылу мерзімі өтіп кетсе, берілген рұқсаттардың тізілімінде әрбір берілген бірегей тіркеу нөмірі өзгеріссіз қалады және емтихан алушыға (бағалаушыға) бекітіледі.

Бұл ретте берілген рұқсаттар тізіліміне емтихан алушының (бағалаушының) өкілеттік мәртебесі туралы тиісті жазба енгізіледі (өкілеттік шектелген, үзілген, қолданылу мерзімі өткен).

5.4 Емтихан алушының (бағалаушының) өкілеттігі нұсқаушылық рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда толық немесе ішінара шектеледі. Өтініш берушінің өтініші бойынша емтихан алушының өкілеттігі үзілмейді, қажет болған жағдайда нұсқаушылық рұқсат комиссияның шешімімен ол аяқталған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

А.6 Тағайындалған емтихан алушылардың (бағалаушылардың) қызметін бақылау

6.1 Емтихан қызметі жөніндегі басқарма тағайындалған емтихан

